

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

**ТІЛДЕР ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ**

№8 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

30.04.2024ж.

Қатысқандар: АҚ төрағасы - PhD, доцент м.а. Е.Б. Жиенбаев, АҚ мүшесі, академиялық персонал - PhD А.Қ. Мейірбеков, АҚ мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Н.Д. Қошанова, АҚ мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К. Суинжанова, АҚ мүшесі, академиялық персонал - А.Д. Байдаулетова, АҚ мүшесі, академиялық персонал - Ы.Е. Нурмагомбетова, АҚ мүшесі, академиялық персонал - Ш.А.Каримова, АҚ мүшесі, академиялық персонал - С.А. Қонысова, АҚ мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Еділбаева, АҚ мүшесі, білімгерлер өкілі – М.Е. Нұралы, АҚ мүшесі, білімгерлер өкілі – Н.С. Зарбат, АҚ мүшесі, білімгерлер өкілі – А. Қуанышбекқызы, АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Р.Ж. Ашимов, АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Е.Н. Бектаев, АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Х. Кылавуз.

Күн тәртібі:

1. ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін таңдау.
2. ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау.
3. Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу.
4. ББ пәндерін оқыту оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау.
5. Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

АҚ төрағасы Е.Б. Жиенбаев сөз алды. Қайырлы күн құрметті АҚ мүшелері. Сәуір айында ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін таңдау, ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау, Қажет жағдайда қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу, ББ пәндерін оқыту оқыту барысында жетіспейтін оқулықтармен оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау жұмыстары жоспарланған. Бүгінгі мәжіліс барысында күн тәртібіндегі осы мәселерге қатысты ойларымызды ортаға салып, талқылайық.

Академиялық персонал - ф.ғ.к. Ж.К. Суинжанова: Бірінші мәселе бойынша ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау нәтижесін баяндайын. Тілдер және әдебиет даярлау бағыты бойынша бакалавр деңгейіндегі білім беру бағдарламасы материалдық-техникалық ресурстарды ұтымды қолдану үшін қажетті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер және аудиториялық қормен қамтамасыз етілген. Оқу әдістемелік құжаттар құрамы: жұмыс оқу жоспарлары, академиялық күнтізбелер, элективті пәндер каталогы, барлық пәндер бойынша ПОӘК материалдарынан құралған. ББ мазмұны мен құрылымы қоғамдағы сұраныс пен жұмыс берушілердің талабына сәйкес жыл сайын толықтырылып отырады. ББ жаңарту үдерісінде ҚР ҒЖЖБМ нормативтік құжаттары негізге алынады. Білім беру бағдарламалары кафедра отырысында, академиялық комитет мәжілістерінде талқыланып жүр. Білім алушылар мен жұмыс берушілердің пікірлері мен ұсыныстары негізге алынып, практика бағдарламалары мен келісім-шарттар жасалады.

АК мүшесі, академиялық персонал - Ы.Е. Нурмагомбетова: ББ шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау мәселесі бойынша әр кафедра жүйелі түрде жұмыс атқарды. Жеке пәндер бойынша ОПҚ құрымының біліктілігін арттыру бойынша ұсыныстар берілді. Оқытушыларымыз академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша еліміздегі, жақын және алыс шетелдердегі ЖОО-да біліктілік арттырды. Толық есептері кафедра мәжілісі хаттамаларында көрсетілген.

АК мүшесі, академиялық персонал - Ш.А.Каримова: Қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау ББ орындалу барысында маңызды. Аталған мәселе бойынша ашық конкурсқа ұсыныс әзірлеу бойынша факультеттен ұсыныс берілді. Оқу ордамыздың сайтында бос лауазымдар мен оқытушылық қызметке қабылдау бойынша хабарлама жасалып, арнайы құрылған комиссия арқылы оқу жылы соңындағы белгіленген кезеңде жұмысқа қабылдау конкурсы ұйымдастырылады.

АК мүшесі, академиялық персонал - ф.ғ.к. Н.Д. Қошанова: ББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау барысында заманауи құрал-жабдықтар, қажетті жаңа оқулықтар мен оқу құралдарын салып алу үшін факультеттен ұсыныс берілді. Кітапханадағы оқулық мен көмекті материалдардың қоры жеткілікті. Әлемде тіл мен әдебиетті зерттеу әдістері мен тәсілдері үнемі жаңарып, талапқа сай дамып жатқаны белгілі. Осы орайда оқу ордамыздағы зерттеуші ғалымдар мен оқытушылар тарапынан семинарлар ұйымдастырылды, дайындалған көмекші оқу құралдары мен кәйстер баспаға берілді.

Шешім: Сәуір айында атқарылған іс шаралар нәтижесі қабылдансын.

Мәжіліс төрағасы:

Е.Б. Жиенбаев

Хатшысы:



С.А. Қонысова